

## **«Қазақтың біртуар ұлы Д. Қонаев» атты дөңгелек үстел**

**28.02.2022 жылы** Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай Қазақстан тарихы кафедрасында «Қазақтың біртуар ұлы Д. Қонаев» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Үстелге ТТ-21-2 мен ФИЭМ-21-1 топ студенттері қатысты. Олар Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың – кеңестік партия және мемлекет қайраткері, Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері. Қазақстанның даму жолы – Димаш Ахметұлының өмірі туралы баяндады. Оның басшылықтағы кезеңі еліміздің қиындыққа толы кезең екендігін тарих көрсетті. Д. Қонаев сол қиын кезеңді халқымен бірге еңсеріп, артынан ұмытылмастай сара жол қалдырғаны да шындық. Өмірінен үзінді ретінде видео көрсетілді. Шығармашылығы мен қызметі жайында презентациялар баяндалып, өлеңдер оқылды. Қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бүкіл өмірі мен игілікті қызметі ұрпақ үшін отаншылдықтың, тектілік пен отанға аянбай қызмет етудің үлкен үлгісі бола білді.

**Ғұмыр кешпей қара бастың қамы үшін,  
Қорғадыңыз ел мен жердің намысын.  
Тарих өзі таразылар, танытар,  
Ұлық қазақ Қонаевтың сан ісін.**

**Жауапты аға оқытушы**

**Темиржанова Ш.М.**



